

Бастауыш сыныптар сабақтарына жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша
тапсырмалардың енгізілу барысы туралы
АНЫҚТАМА

Ақпан айы, 2025 жыл

Мектепшілік бақылау жоспарына сай бастауыш сыныптар сабақтарына жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша тапсырмаларды енгізу және сол тапсырмалармен жұмыс жасау барысы қадағаланды.

2- сыныпта жаратылыстану пәні аптасына бір рет болады. 2 «Ә» сыныбында жаратылыстану сабағы бейсенбі күндері өтіледі. «Өсімдіктер, Жануарлар», «Адамдар тірек- қимыл жүйесі «Заттар және олардың қасиеттері. Жер және ғарыш» бөлімдері бойынша өсімдіктердің тіршілік ортасы, жануарлар класының өкілдерін ажырату, дұрыс тамақтану, жеке гигиенасы, ауа, су қасиеттері, жер және ғарыш туралы тақырыптар өтіп жатырмыз. Сабақта топтық, жұптық тапсырмалар беріледі. Қосымша жаратылыстану пәні дәптерімен жұмыс және қалыптастырушы бағалау тапсырмалар беріледі. Электрондық тақтадан өтілген тақырыптар бойынша бейнефильмдер қолданамын. Вордбол wordball және тақырыпқа байланысты тест жұмыстары алынады.

Жаратылыстану сауаттылығы - бұл қабілет: жаратылыстану білімін пайдалану, проблемаларды анықтау, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекеті енгізетін өзгерістерді түсіну және тиісті шешімдер қабылдау үшін қажетті негізделген қорытындылар жасау.

3 сыныптың жұмысына тоқтала келсек. Өтілген әр тақырып жайлы интербелсенді тақта арқылы ақпарат беріліп, талданады. Содан кейін зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Зерттеген деректерін арнай зерттеу парағына жазады. Мысалы «Топырақ» тақырыбын алатын болсақ. «Топырақтың құрамы қандай?», «Оның қандай қасиеттері бар?» деген сияқты сұрақтармен жұмыс жасап, зерттеу жүргізіп, қорытынды жасады. Сол сияқты, басқа да эксперименттік жұмыстар жүргізеді. Келесі сабақта эксперименттік жұмыстар күрделене түседі. Осындай әдістер арқылы оқушылар тақырыпты жақсы меңгереді.

Сонымен қатар «Бақылау» әдісін, зертханалық, практикалық сабақтарды жиі қолданамыз. Жаратылыстану сабағында функционалдық сауаттылықты арттыруға берілген тапсырмалар. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады.

Сондай-ақ АКТ құралдарын да сабақта жиі қолданамыз. Бұл жерде «WordWoll», «LearningApps» және тағы да көптеген бағдарламалар бар.

2024-2025 оқу жылында 3 сыныптар бойынша жаңа жаратылыстану пәні бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Апталық жүктемесі 1сағат. Әр тоқсан сайын тек БЖБ алынады. **«Жаратылыстану» пәні ҚРБҒМ 2022 жылғы 16 қыркүйек №399 бұйрығына 10-қосымша және 2024 жылғы 8 ақпан №27 бұйрығымен бекітілген (6- қосымша) «Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.**

1 тоқсанда Өсімдіктер мен жануарлар бөлімімен таныстық. Өсімдіктер туралы топсеруен сабақтарын ұйымдастырдық. Өсімдіктердің суретін салдық. Сиреп бара жатқан өсімдіктер мен жан-жануарлар туралы бейнероликтер көрсетілді. АКТ қолдандық.

2 тоқсанда Адам және ауа су бөлімімен таныстық. Сабақ барысында өткенді пысықтай отырып, жаңа сабақты түсіндіру, жеке және жұптық, топтық жұмыстар атқарылады. Постар жасаймыз, зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

3 тоқсанда Топырақ және ғарыш туралы бөліммен танысып жатырмыз. Ғарыш туралы көптеген қызықты мәлеметтер алуда. Бұл бөлім оқушылар үшін өте қызықты болуда. Ғарыш туралы деректі фильмдер көреміз.

«Wordwall» ойыны, Интерактивті ойын ойнайды, суреттер салады. Сұрақ жауап айдары т.б.

4 сыныпта жаратылыстану пәні аптасына екі рет болады. 4 «Ә» сыныбында сәрсенбі, бейсенбі күндері жүргізіледі. «Табиғат физикасы», «Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары» бөлімдері бойынша электроскоп, электр тогы, пайдалы қазбалар туралы тақырыптар өтіп жатырмыз. Жалпы сабақта жұптық, жеке тапсырмалар беріледі. Сабақта белгілі бір тақырып бойынша оқулықтан алған білімдерін толықтырып, шыңдай түсу үшін wordball, classroomscreen платформаларында көбірек жұмыс жасаймыз. Тақырыпқа байланысты бейнефильмдер көрсетіледі, тәжірибе жұмыстары жүргізіледі. Тақырыпқа байланысты тест жұмыстары алынады. Сабақ үстінде қалыптастырушы бағалау тапсырмалары беріледі. Арнайы жаратылыстану пәні дәптерімен жұмыс жасайды.

4 сыныпта жаратылыстану пәні аптасына екі рет болады. 4 «Б» сыныбында сәрсенбі, бейсенбі күндері жүргізіледі. «Табиғат физикасы», «Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары» бөлімдері бойынша электроскоп, электр тогы, пайдалы қазбалар туралы тақырыптар өтіп жатырмыз. Жалпы сабақта топтық, жұптық, жеке тапсырмалар беріледі. Сабақта белгілі бір тақырып бойынша оқулықтан алған білімдерін толықтырып, шыңдай түсу үшін вордбол wordball, classroomscreen платформаларында көбірек жұмыс жасаймыз. Тақырыпқа байланысты бейнефильмдер көрсетіледі, тәжірибе жұмыстары жүргізіледі. Тақырыпқа байланысты тест жұмыстары алынады. Сабақ үстінде қалыптастырушы бағалау тапсырмалары беріледі. Арнайы жаратылыстану пәні дәптерімен жұмыс жасайды.